

## Біздің миссиямыз

- Өз атқаратын істе үздік болу
- Құндылықтарға адалдықты сақтай отырып, әлеммен бірге даму
- Жер мен адамзаттың потенциалын ұқыпты игере отырып, бізге сенім артқандардың гүлденуін қамтамасыз ету


# > ERG бүгін: Өнімдер портфелі барынша әртараптандырылған әрі толық циклды халықаралық ірі тау-кен металлургия компанияларының бірі



- **ERG (Еуразиялық Топ)** тау-кен өндіру өнеркәсібінде өндіру, өңдеу, энергетика, логистика және маркетинг салаларында толық интеграцияланған және әртараптандырылған жетекші өндіруші
- **Люксембург Ұлы Герцогтігінде орналасқан. Қазақстан Республикасының Үкіметі** ERG-дің **басты акционері** (үлесі **40%**)

- **Азия, Еуропа, Африка мен Латын Америкасы қатарлы 15 елде 75 000 адам еңбек ететін** – әлемдік тау-кен металлургия кешеніндегі негізгі жұмыс берушілердің бірі
- **Топ өнімдері әлемнің 40-тан астам еліне жеткізіледі**

- Қара және түсті металдар мен энергетикалық бизнестерді қамтитын **өнімдер портфелі барынша теңгеріліп, әртараптандырылған тау-кен металлургия компанияларының бірі**
- **Бәсекеге қабілеттілік:** әлемдегі **жоғарыкөміртекті феррохромды** ең төменгі шығынмен өндіруші; **алюминий** өндірісінде де шығындардың қиыс сызығының төменгі квартилінде; әлемдегі **мыс пен кобальтті** төмен шығынмен өндірушілердің бірі



● Ферроқорытпа


● Глинозем мен алюминий

● Өзге де түсті металдар (мыс пен кобальт – бейінді активтер)

● Темір кені

● Энергетика

● Логистика



Электромобильдер



Экологиялық таза қуат көздері




Инфрақұрылымның дамуы

**Metalkol RTR:** TOP-3 кобальт өндіруші қатарында, әлемде кобальт өндірумен айналысатын кәсіпорындар арасында 2-ші орында



Кобальт

**ҚАЗ:** Қазақстанда жоғарысұрыпты бастапқы алюминий шығаратын жалғыз және ТМД-дағы ірі кәсіпорындардың бірі




Алюминий

**Қазхром:** құрамындағы хром үлесі бойынша әлемдегі ең ірі жоғарыкөміртекті хром өндіруші




Феррохром

**ERG Africa:** қарқынды дамып келе жатқан қуатты мыс өндіруші



Мыс

**ССКӨБ:** Еуразиядағы ең ірі темір кенін өндірушілердің бірі



Темір кені



## > Өндіріс пен бизнесті дамытудың негізгі үш аймағы

ERG-дің негізгі өндірістік активтері **Қазақстанда**. Топ елдегі тау-кен металлургия кешенінің үштен бірін еншілеген. ERG ең ірі электр энергиясын өндірушілердің бірі (нарықтағы үлесі - **17%**). Орнатылған қуаты 2 550 МВт негізгі кәсіпорын Ақсу қаласында. Ол Қазақстан мен Ресейге электр қуатын жеткізеді. Оның үстіне ERG-дің жылына 58 млн тонна жүк тасымалдайтын, 13 мың бірліктен астам жеке жылжымалы құрамы бар Орта Азиядағы ең ірі тасымалдаушылардың бірі.



**Африкада** Топ Конго Демократиялық Республикасы мен Замбия Республикасындағы мыс пен кобальт өндіруші кәсіпорындардың стратегиялық инвесторы. Олардың қатарында бұрыннан қордаланған өндіріс қалдықтарын қайта өңдейтін **Metalkol Roan Tailings Reclamation (RTR)** кәсіпорны да бар. Metalkol RTR кобальт өндіру көлемі бойынша әлемде екінші орында. Және **Frontier** кәсіпорны бар. Сондай-ақ, Топтың Оңтүстік Африка Республикасы, Мозамбик, Зимбабве мен Малиде әзірленіп жатқан жобалары бар.

**Бразилияда** ERG **Pedra de Ferro** атты жоғары сапалы кеніш пен тереңсулы және көпсалалы **Porto Sul порты** мен трансконтиненталды **FIOL<sup>1</sup>** теміржолын біріктіретін ауқымды жобаны жүзеге асырып жатыр. Pedra de Ferro кен орнының жобалық қуаты – жылына 18 млн тонна жоғары сапалы темір кенін өндіруге мүмкіндік береді. 2021 жылдың қаңтарында өндіріс басталды. Таяуда Топ **FIOL теміржолының құрылысын аяқтап, пайдалануға жарияланған аукционда жеңіске жетті.**



1. Темір жол елдің Шығысы мен Батысын жалғайды - The West-East Integration Railway

WORLD  
ECONOMIC  
FORUM

Sustainable Development Impact Summit  
New York, USA 18-19 September 2017

WORLD  
ECONOMIC  
FORUM

COMMITTED TO  
IMPROVING THE STATE  
OF THE WORLD

COMMITTED TO  
IMPROVING THE STATE  
OF THE WORLD



Халықаралық  
серіктестік

- ERG – литий-ионды аккумуляторларға кобальт жеткізу тізбегі мәселелері жөнінде бірлескен шешімдер табуға ұмтылған алғашқы ұйымдардың бірі.
- ERG Дүниежүзілік экономикалық форумға қолдау көрсетіп, мемлекет пен жеке меншік серіктестігі негізіндегі тұғырнамада аккумуляторлық батареялар секторы үшін халықаралық альянс құру ісіне септесті.
- Альянс ресми түрде 2017 жылы Нью-Йоркте құрылды. Оның қатарында Бүкіләлемдік банк,, ЮНИСЕФ, ЭЫДҰ, ЮНЕП пен Африка даму банкі сынды ірі халықаралық ұйымдар мен жетекші автоөндірушілер, ірі тау-кен және технологиялық компаниялар бар.

## Шолу: Төртінші өнеркәсіптік төңкерісті қолдау үшін аккумуляторлық батареялар нарығында құн қалыптастырудың орнықты, инновациялы әрі инклюзивті әдісін әзірлеу

- ✓ 2019 жылы McKinsey фирмасымен бірлесіп, маңызды баяндама жасалды. «2030 тұжырымдамасы» атты осы құжат Париж келісімінде көрсетілген мақсаттарға жету үшін аккумуляторлық батареялар нарығына арналған секторға орнықты даму мақсаттарын қалыптастыруды қамтиды.
- ✓ Давостағы БЭФ жыл сайынғы мерейлі 50-ші отырысында Альянстың 42 қатысушысы аккумуляторлық батареялар нарығы секторында орнықты құн құрау тізбегін қалыптастыруға бағытталған 10 басқарушы принципті қолдады. Бұл қатарда жылдық табысы 1 трлн АҚШ долларынан асатын компаниялар мен халықаралық және қоғамдық ұйымдар бар.
- ✓ Альянс «Батарея төлқұжаты» жобасын іске қосты. Бұл батареяның құнын қалыптастыру тізбегін түгел қамтитын жаһандық цифрлы тұғырнамаға арқа сүйер, «сапа белгісі» деуге болады. «Батарея төлқұжатының» сынама нұсқасы таяуда іске қосылады.



### Қатысушы-компаниялар



### Мемлекеттік, халықаралық және қоғамдық ұйымдар



WE SUPPORT



**IBRAM**  
INSTITUTO BRASILEIRO DE MINERAÇÃO



Қазақстан Республикасының  
Президенті жанындағы  
шетелдік инвесторлар кеңесі



**Cobalt Institute**





## Дүниежүзілік экономикалық форумның Mining and Metals Blockchain Initiative бастамасы

### Блокчейн технологиясын енгізуді көздеген алғашқы салалық консорциум

- 2020 жылғы желтоқсанда таратылған тізім технологиясы негізіндегі құн қалыптастырудың барлық тізбегіндегі шығарындыларды тегіс бақылауға жол ашқан айрықша пилоттық шешім таныстырылды
- Ол кобальттің кеніштен электромобильге дейінгі тізбекте жауапты өндіріліп, өңделуін бақылауға жол ашты.
- Электромобиль саласына негізгі өнім жеткізушілер арасындағы теңдессіз салалық серіктестік
- Жобаны CMOС, ERG мен Glencore құрды



## Аккумуляторлық батареялар секторы нарығына арналған халықаралық альянспен бірлесіп, тау-кен қауымдастықтарында балалар еңбегінің алдын алу қоры

### Қор ЮНИСЕФ бағдарламасы аясында басқарылады

- Балалар еңбегін пайдаланудың негізгі себепін жою.
- БҰҰ-ның ОДМ қол жеткізуге септесу.
- Алғашқы үш жылда 21 млн АҚШ долларын тарту жоспарланған.

ERG – Қорға қаржылай қолдау көрсеткен алғашқы ұйымдардың бірі




## Чарльз ханзаданың басшылығымен нарықтардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қолға алынған Terra Carta жобасы

### Орнықты дамуды қамтамасыз ету камындағы 2030 жылға дейінгі шаралар жоспары

- Трансформацияда табиғи ресурстарға арқа сүйеіп, жеке меншік сектордағы кәсіпорындардың инновациялары мен күш-жігеріне жүгіну.

ERG бастаманы қолдаған алғашқы 25 жетекші әлемдік ұйым қатарында







# Негізгі активтер

## Кәсіпорындарға шолу



## «Қазхром» ТҰК» АҚ

### Құрамындағы хром үлесі бойынша әлемдегі ең ірі жоғары көміртекті феррохром өндіруші

- **Нысанның сипаттамасы:** хром өндіру және өңдеу кәсіпорындары Хромтауда, ферроқорытпа зауыттары Ақсу және Ақтөбе қалаларында орналасқан. Марганец өндіріп, өңдеу кәсіпорны Қарағанды облысында жұмыс істеп тұр.
- **Өнімі:** жоғары көміртекті ферроқорытпа, тазартылған ферроқорытпа (орта және төмен көміртекті), ферросиликохром, ферросиликомарганец, ферросилиций
- **Қуаты**
  - Дөң ТКБК – жылына 5,64 млн.т. хром кені
  - Ақтөбе ферроқорытпа зауыты – жылына 0,63 млн.т. ферроқорытпа
  - Ақсу ферроқорытпа зауыты – жылына 1,12 млн.т. ферроқорытпа
  - «Қазмарганец» кен басқармасы – жылына 0,48 млн.т. марганец кені және жылына 0,15 млн.т. марганец концентраты
- **Негізгі нарықтар:** Жапония, Қытай, Корея және Еуропа
- **Негізгі инвестициялық жоба:** «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» атты шахта құрлысы

## Кәсіпорындарға шолу



## Metalkol Roan Tailings Reclamation (Metalkol RTR)

**Аймақта бұрын жұмыс істеген пайдалы қазбаларды өндіруші компаниялардан қордаланып қалған кобальт пен мыс қалдықтары үйінділерін қайта өңдейтін кәсіпорын**

Metalkol RTR Қытайға кобальт жеткізуші ең ірі және кобальт өндіру көлемі бойынша әлемдегі (2020 ж.) екінші компания. Кәсіпорынның екінші кезеңін жоспарлы қуатына шығару қамында жүйелі жұмыс жалғасуда.

**Өндірістік нысандар:** Мусонои өзені жағалауындағы жазықта және Кингамьямбодағы мыс пен кобальт өндірісінің қалдық үйінділерін қайта өңдейтін металлургиялық зауыт. Қос үйіндідегі қайта өңделетін шикізат көлемі ~119,4 млн т, ондағы кобальттің орташама мөлшері – 0,31% ал мыс мөлшері 1,46% деп болжанған.

**Өнім:** кобальт гидроксиді мен катодты мыс

**Қуаты (екінші кезең):** жылына 20 мың т кобальт пен 105 мың т мыс

**Меншік құрылымы:** 95% – ERG

**Орнықты даму:** 2018 жылы «Таза кобальт» бағдарламасы қолға алынды. Оның аясында компания ЕЫДҰ басқару принциптерін басшылыққа алып, жеткізілім тізбегінде балалар еңбегін мүлдем пайдаланбайтынын PwC фирмасының тәуелсіз зерттеулері растаған. Блокчейн технологияларын пайдалана отырып, жеткізілім тізбегінің ашықтығы мен бақылауы қамтамасыз етіледі.

**Кен орны:** Конго Демократиялық Республикасы, Луалаба аймағының Колвези қаласынан батысқа қарай 20 км жерде орналасқан

## Кәсіпорындарға шолу



### «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ (ҚЭЗ)

**Қазақстанда жоғарысұрыпты бастапқы алюминий шығаратын жалғыз кәсіпорын**

- 2007 жылы құрылған.
- Нысанның сипаттамасы: өңдеуші және электролиз зауыты
- Қуаты: жылына 250 мың. тоннадан астам
- Негізгі нарықтар: Оңтүстік Еуропа, Түркия, Қазақстан, Ресей мен өзге де ТМД елдері
- «Қазақстан алюминийі» АҚ-мен толық кіріктірілген
- Орналасқан жері: Павлодар қ.

### «Қазақстан алюминийі» АҚ

**Қазақстандағы бастапқы алюминий тотығы – глинозем өндіретін жалғыз кәсіпорын**

- Қуаты: жылына 1,5 млн тоннадан астам глинозем
- Орналасқан жері: Павлодар қ., КБКБ мен ТБКБ Қостанай облысында орналасқан
- Негізгі нарықтар: Қазақстан (ҚЭЗ), Ресей, Қытай

## Кәсіпорынға шолу




## «ССКӨБ» АҚ

**Кәсіпорын теміркені концентраты мен шекемтастар өнеркәсібінде өндіру мен қайта өңдеуді біріктірген**

- **1954 жылы құрылған.**
- **Нысанның сипаттамасы:** Қашар, Сарыбай және Қоржынкөл карьерлері, Соколовская шахтасы мен байыту фабрикасы бар
- **Өнім:** Теміркені концентраты, шекемтастар
- **Қуаты:** жылына 40 млн тонна темір кені, 8 млн тонна концентрат, 8 млн тонна шекемтастар
- **Негізгі нарықтар:** Қазақстан, Ресей мен Қытай
- **Негізгі инвестициялық жоба:** Қашар карьерінде «Ақылды кеніш» бастамасы сәтті іске асты. Ол өнімділікті 40% арттырмақ. Бұл бастаманы ERG-дің өзге де кәсіпорындарында қолға алу көзделіп отыр.
- **Орналасқан жері:** Қостанай облысы, Рудный қ.

## Кәсіпорындарға шолу



## Frontier Mine

**Frontier Mine мыс кеніші мен оны өңдеп, сульфитті мыс концентратын шығарын кәсіпорынды қамтиды**

**Нысанның сипаттамасы:** Құрамында күкірт пен темір кені мол әрі өзге қоспалары аз жоғарысапалы мыс концентратын алу үшін қалыпты флотация ағынын пайдалану арқылы жылына 10 миллион тонна жоғарыкүкрітті мыс кенін өңдейді. Frontier-дегі пайдалы қазбалар қоры 163,5 млн тонна шамасында болса, ондағы мыс үлесі 1%.

**Өнім:** Мыс-сульфидті концентрат

**Қуаты:** ~100 мың тонна мыс концентраты


**Меншік үлесі:** 95% ERG

**Негізгі нарықтар:** ішкі нарық пен экспорт

**Орналасқан жері:** Конго Демократиялық Республикасы Жоғарғы Катанга аймағындағы Сакания атты өлкенің Кишиба ауданы. Кеніш Замбиямен арадағы шекарадан тура 2 км жерде.

# > Темір кені| BAMIN – Бразилияда бөгде қоспалары аз, жоғарысұрыпты кен өндіретін интеграцияланған темір кені мен логистикалық жоба

- Толық интеграцияланған кеніш, тереңсулы теңіз порты және трансконтиненталды теміржолды біріктірген аса ауқымды жоба
- BAMIN жобасының арқасында Баия штаты Бразилияда темір кені өндірісі бойынша үшінші орынға шығады



## Pedra de Ferro Mine кеніші Каэтите маңында

- 2021 жылы кенішті өнеркәсіптік игеру басталды; Бастапқыда өндіріс көлемін жылына 2 млн тоннаға жеткізу көзделген.
- Кен қоры – жалпы қор 535 млн тонна, ондағы темір үлесі 42,4%
- Жобалық қуаты – жылына 18 млн тонна; игеру мерзімі – 30 жыл
- Жоғары сапалы өнім: бай кен (DSO) мен тікелей қалпына келтіру әдісі арқылы шекемтас өндірісіне қажетті шикізат (DRPF)
- FIOL теміржолы мен Порту-Сул портынан негізгі жүк жөнелтуші

## Porto Sul

- Ильеус маңындағы көпсалалы тереңсулы порт жүккөтерімділігі 220 мың тоннаға дейін жететін аса ірі кемелерге қызмет көрсете алады
- Елдің батысы мен шығысын жалғаған жаңа FIOL теміржолы үшін жалғыз импорт//экспорт қосыны
- Бастапқыда құрғақ жүктерді (темір кені, соя, бидай мен тыңайтқыштар) тасымалдау көзделіп отыр
- Жобалық қуаты жылына 26 млн тонна жүк, кейін келе оны > 40 млн тоннаға дейін ұлғайтуға болады



## Кәсіпорындарға шолу



### «ЕЭК» АҚ

#### Қазақстандағы ең ірі электр энергиясын өндірушілердің бірі

- 1996 жылы құрылған.
- Нысанның спаттамасы: Энергетикалық көмір өндірісі, электр энергиясын өндіру
- Қуаты: Жылына 20 млн тонна көмір өндіру, орнатылған электр өндіру қуаты 2 550 МВт
- Негізні нарықтар: Қазақстан, Ресей
- Орналасқан жері: «Шығыс» кеніші (Павлодар облысында), Ақсу электр станицясы (Павлодар облысында)

### «Шұбаркөл көмір» АҚ

#### Көмір мен спецкокс өндіреді

- 1985 жылы құрылған.
- Нысанның сипаттамасы: энергетикалық көмір өндіру, жартылайкокс өндіру
- Қуаты: Жылына 10,3 млн тонна көмір, жылына 240 мың тонна жарытлайкокс
- Негізні нарық: Қазақстан, Ресей
- Орналасқан жері: Шұбаркөл кенті, Қарағанды облысы



# EcoSystemERG Fair & Trackathon

ERG

30  
14

AVIV

Орнықты  
даму





2019 жылы **ERG тобының Цифрлық стратегиясы әзірленді**. Онда қызметкерлердің біліктілігін арттыруға (соның ішінде роботизация мен «ауқымды деректерді» өңдеу саласында), экономикалық тиімді инвестициялық цифрлы шешімдер қабылдау мен бизнес және өндіріс процестеріне арналған адаптивті цифрлық (модульді) шешімдер құруға ерекше көңіл бөлінген.



**ERG** Дүниежүзілік экономикалық форуммен бірлесіп, «Астана» халықаралық қаржы орталығы базасында **Төртінші өнеркәсіптік төңкеріс орталығын** құруға талпынады.

**ERG – Digital Ventures венчурлық қорының серіктесі**. Ол ERG-ден бөлек, стейкхолдерлердің кең көлеміне пайда әкелер жаңа шешім түрлерін арттырып отыратын инновациялық стартаптар мен әзірлемелерді әріптестікке шақырып, қолдау көрсетеді. Сайып келгенде, Қор компаниялары портфелінің сервистері **Aitu цифрлық экожүйесін қалыптастырады**.



**CMOC, Eurasian Resources Group (ERG) пен Glencore қатарлы жетекші металлургиялық және тау-кен компаниялары Umicore аккумуляторларына шикізат жеткізушілермен бірлесе отырып, Re I Source жобасын іске қосты**. Ол кобальттің кеніштен электромобильге дейінгі жолын түгел көріп, оның жауапты өндірілгенін паш ете алады. Ол Конго Демократиялық Республикасындағы (КДР) өндірістен бастап, электромобиль өндіретін алаңға дейінгі барлық сатыны түгел қамтыған. Бастама жыл соңына дейін сыналып, 2022 жылы толық іске қосуға қатысты түпкі шешім қабылданбақ.



**ERG, Glencore және Anglo American** сынды компаниялар қатарында ДЭФ-ның **Mining Metals and Blockchain Initiative** бастамасын қолдады. Ол **блокчейн технологияларын** енгізу арқылы жеткізілім тізбегін **ашық та жариялы етіп, салада жауапты тәжірибелер қалыптастырады**.

SAP ERP тұғырнамасында **ERG** Тобы кәсіпорындарына арналған ERP жүйесін құру» жобасы **SAP Value Award 2018** бизнес-марапатының «**Цифрлы трансформация көшбасшысы**» аталымында жеңіске жетті.



Топ Халықаралық **Astana Hub** IT-стартаптар технопаркінде **Индустриалды деректер зертханасын құрды**. Зертхана осы саладағы кәсіпорындардың түйткілдерін шешуге талпынған стартаптарға тау-кен металлургия кәсіпорындарының нақты деректерін ұсынады.





### «Студенттер кәсіпкерлігінің экожүйесі» бағдарламасы

- Топ кәсіпорындары орналасқан аймақтарда **дарынды кәсіпкерлер экожүйесін** қалыптастыруға бағытталған **ұзақмерзімді бастама**
- Бағдарлама **Тель-Авив университетінің Қазақстандағы Достары қауымдастығы, Алматы менеджмент университетімен бірлесіп қолға алынған.**
- Бастамаға елдің әр тарабынан **5 мыңнан астам студент** қатысты. Олар жүздеген **бизнес идеялар** ұсынып, олардың **оншақтысы сәтті іске асты.**
- **Қазақстандағы 9 жоғарғы оқу орны мен жоғары білім орталығы**



### STEM-зертханалар құру

- Бұл инновациялық мекемелер кәсіпорындарымыз орналасқан **Қазақстанның шалғай өңірлеріндегі оқушыларға** арналған. Ол заманауи оқыту әдістемелеріне және білім технологияларына **қол жеткізуді кеңейтеді**
- Бағдарлама Нұр-Сұлтан қаласының Білім беру басқармасы мен **«Bolashak Engineering»**, жергілікті **білім беру басқармаларымен бірлесіп жүзеге асырылады**
- **Алғашқы зертхана 2018 жылдың ақпан айында Нұр-Сұлтан қаласына іргелес орта мектепте ашылды**



### АДЫМ – Аймақты дамытуға ынталылар мектебі

- **2021 жылы** жүзеге асырыла бастады.
- Қатысушылар өздері тұрып жатқан **қаланы абаттандыруға** қатысты идеяларын жолдай алады.
- **ERG қызметкерлері мен жергілікті тұрғындар қаржылық сауатын да арттыра алады.**



**GOOD SHEPHERD  
INTERNATIONAL  
FOUNDATION  
ONLUS**

**«Bon Pasteur Alternative Livelihood»\* күнкөріс үшін баламалы қаражат көздерімен қамтамасыз ету бағдарламасын қолдау мақсатында «Қайырымды Пастордың мейірбикелерімен» серіктестік**

- Жасырын өндіру қауымдықтарында балалар мен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездік циклін үзу үшін және олардың тұрмысын жақсарту мақсатында шалғайдағы Луалаба мен Колвезиде бағдарламаны қолдауды қаржыландыру туралы келісімі
- 2017 жылы келісім шартты жүзеге асыру басталды.
- Ерте еңбектің ер қиын түріне жегілуден 3 мың баланы қорғап қалды.



**Колвезиде «Bon Pasteur»\* бағдарламасы аясында алғашқы балаларды қорғау орталығы ашылды**

- Орталық 1 мыңнан астам баланы пайдалы қазбамен айналысудан құтқарып, олардың тегін білім алуына, тамақтануына және т.б. жағдай жасайды.
- Орталық ERG мен «Қайырымды Пастордың мейірбикелері» серіктестігі арқасында ашылды



**ҚДР-ның Колвези өңірінде халықаралық даму ұйымы жүзеге асырып жатқан «Солтүстік Колвези кеніштерінде балаларға орын жоқ» атты Пакт бастамасын қолдау**

- Бастама балаларды қорғау нормаларын нығайтуға және хабардар болуды арттыруға бағытталды
- ҚДР-да пайдалы қазбаларды жасырын және ұсақ ауқымды өндіру кезінде балалар тап болатын қатерлерді жоюға бағытталған елеуетті арттыру жөніндегі арнайы әзірленген бірқатар іс-шараларды іске асыру



Біз кобальтті жауапты өндіруге ұмтыламыз және **2018 жылы жаңадан бастаған жобамыз Metalkol RTR-де** ERG-дің «Таза кобальт» (Clean Cobalt Framework) бастамасын әзірледік



Біздің мақсат – кобальттің жауапты өндірісін қамтамасыз ету және адам құқықтарын бұзуға және әдепсіз іскерлік тәжірибеге жол бермей, балалар еңбегіне қатысты тәуекелдер мен қатерлерді жою



Біз сондай-ақ, кобальт құнын қалыптастырудың барлық тізбегінде, әсіресе өзге компаниялармен серіктестікте тұрақтылықты қамтамасыз ететін мүмкіндіктер жасауға ұмтыламыз



ERG-дің «Таза кобальт» бастамасы ҚДР-дағы және бүкіл әлемдегі адамдар үшін төмендегі **жеті міндеттемені** орындау кезінде оң нәтижелерге қол жеткізуге бағытталды:



Пайдалы қазбаларды жеткізудің жауапты тізбегін тиісті тексеру бойынша ЭЫДҰ нұсқаулығын сақтау



Біздің кобальт өндірісінде балалар еңбегі пайдаланылмайды



Біздің кобальт қадағаланады



Біздің кобальт жасырын тәсілмен немесе ұсақ ауқымда игерілмейді



Біз қоршаған ортаны бастапқы қалпына келтіреміз



Біз қоғамдастықтың тұрақты дамуын қолдау үшін ынтымақтасамыз



Біз өз саламызды кобальттің неғұрлым тұрақты құнын құру тізбегіне қатысты қолдаймыз



 CLEAN COBALT



ERG-дің «Таза кобальт» бастамасы Metalkol кәсіпорнында жүзеге асырылуы жайлы есбепті PwC фирмасының тәуелсіз сараптамасы растаған



Осы құжатта келтірілген ақпарат Еуразиялық Топ (бұдан әрі – «Компания») ұсынған мәліметтер негізінде әзірленді. Бұл құжат кез келген тұлғаға Компанияның қандай да бір бағалы қағаздарына жызылымды рәсімдеуге немесе өтінім беруге ұсыныс немесе шақыру болып табылмайды.



Осы құжатта келтірілген ақпараттың тиісті түрде әзірленгендігіне қарамастан, Компания, оның директорлары, лауазымды тұлғалары, агенттері, қызметкерлері немесе кеңесшілері осы құжаттағы ақпараттың дәлдігіне, сенімділігіне және толықтығына қатысты ешбір растамаларды немесе кепілдіктерді (айқын немесе көзделетін), немесе кез келген мүдделі тұлғаға немесе оның кеңесшілеріне қол жетімді болған немесе қол жетімді болатын жазбаша немесе ауызша ақпарат бермейді. Осыған байланысты біз жауапкершіліктен тікелей бас тартамыз.



Тиісінше, заңмен рұқсат етілген толық көлемде, Компания, оның кез келген акционерлері, директорлары, лауазымды тұлғалары, агенттері, қызметкерлері немесе кеңесшілері өздеріне осы құжатта берілген ақпараттың дәлдігіне, немесе толықтығына, немесе қандай да бір пікірлерге, немесе осы құжатты қолдану нәтижесінде пайда болатын кез келген қателіктерге, олқылықтарға, бұрмалануларға, залалдарға қатысты тікелей немесе жанама, айқын немесе көзделетін, шартты, шетін, заңға негізделген немесе өзге де жауапкершілік алмайды. Бұл құжат та, оның мазмұнының кез келген бөлігі де, Компания тарапынан қандай да бір іскерлік операцияны орындауға кірісудің қандай да бір міндеттемелерінің түрі ретінде қарастырылмайды және Компания кез келген тұлғамен қандай да бір талқылауларды немесе келіссөздерді тоқтатуға құқылы. Компанияға қандай жағдайлар болмасын, Компанияны бағалау немесе зерттеу нәтижесінде келтірілген қандай да бір шығындар, залалдар немесе шығасылар үшін жауапкершілік жүктелмейді. Осы құжатты ұсына отырып, Компания өзіне міндеттемелер алмайды және алушыға кез келген қосымша ақпаратқа қол жетімділікті ұсынуға немесе осы құжатты жаңартуға немесе осы құжатта анықталған дәлсіздіктерді немесе қателіктерді түзетуге келісім бермейді.



Бұл құжат Компаниямен немесе оның кез келген акционерлерімен, директорларымен, ресми тұлғаларымен, агенттерімен, қызметкерлерімен немесе кеңесшілерімен инвестициялар бойынша ұсынылған ұсынымдар ретінде қарастырылмау керек. Осы құжатқа қол жеткізген кез келген тарап, ұсынымды қажет болған шамада оқып, қабылдағаннан кейін Компанияны жеке тәуелсіз бағалау тиіс. Атап айтқанда, осы құжатта келтірілген кез келген бағалаулар, болжамдар немесе пікірлер субъективті пайымдаулардың, талдаулардың және жорамалдардың маңызды бөлігін қамтиды.



Бұл құжат болжамды мәлімдемелер деп есептелетін белгілі бір мәлімдемелерді қамтуы мүмкін. Тарихи фактілер туралы мәлімдемелерді қоспағанда, Компаниямен күтілетін болашақ әрекеттер мен іс-шараларды немесе оқиғаларды қарастыратын осы талқылаудағы барлық мәлімдемелер болжамды мәлімдемелер болып табылады.

Алайда, Компания мұндай болжамды мәлімдемелердегі айқын күтулерді дәйекті жорамалдауларға негізделген деп есептегенімен, мұндай мәлімдемелер аталған болжамды мәлімдемелерден айтарлықтай ерекшеленетін болашақ орындаулардың және іс жүзіндегі нәтижелердің немесе оқиғалардың кепілі болып табылмайды. Компания, оның акционерлері, директорлары, ресми тұлғалары, агенттері, қызметкерлері немесе кеңесшілері осы құжаттағы ақпарат толық және дәл екендігі туралы айқын немесе көзделетін растамаларды немесе кепілдіктерді бермейді. Заңмен рұқсат етілген жағдайда, Компания осы құжаттың кез келген алушысын, оған одан әрі белгілі болатын және осы құжатта қамтылған ақпаратқа әсер етуі мүмкін кез келген материалдар туралы қандай да бір хабардар ету жауапкершілігінен бас тартады.

Нақты нәтижелердің болжамды мәлімдемелерде көрсетілгендерден айтарлықтай айырмашылығына әкелуіне ықтимал жағдайлар нарықтық бағаны, капитал мен қаржыландырудың жалғасын, сондай-ақ жалпы экономикалық, нарықтық және коммерциялық жағдайларды қамтиды.

Инвесторлар кез келген болжамды мәлімдемелер болашақ орындау кепілі болып табылмайтыны және нақты нәтижелер немесе оқиғалар болжамды мәлімдемелерде ұсынылғандардан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін екендігі жөнінде ескертілді.

# Байланыс мәліметтері



9 rue Sainte Zithe  
L-2763, Люксембург



T.: +352 24 84 53 1  
Ф.: +352 26 84 58 99



info@erg.net

[www.eurasianresources.lu](http://www.eurasianresources.lu)



Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан  
Қабанбай батыр даңғ. 30 А



T.: +7 (7172) 59 21 33, 59 21 44  
Ф.: +7 (7172) 59 21 77



erg@erg.kz

[www.erg.kz](http://www.erg.kz)